

ӨОЖ 811.512.1

М.А.Тұрсынова<sup>1</sup>, Ж.Е.Тілеубек<sup>2</sup>

<sup>1</sup>Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті;

<sup>2</sup>А.Құнанбаев атындағы № 5 мектеп-гимназиясы, Абай (Қарағанды облысы)  
(E-mail: t\_marhaba@mail.ru)

### Түркі тілдеріндегі жабайы аңдарға қатысты атаулардың тарихи-салыстырмалы сипаты

Мақалада қазіргі түркі тілдеріндегі жабайы аңға қатысты атаулардың сипатына тарихи-салыстырмалы талдау жасалған. Түркі тілдеріндегі жабайы аңға қатысты атаулардың өзіне тән ерекшеліктері қарастырылып, мысалдармен дәлелденген. Түркі тілдеріндегі жабайы аңға қатысты атаулардың сипатын көрсетуде зерттеушілер еңбектері арқылы қыпшақ, оғыз, қарлұқ, бұлғар, ұйғыр-оғыз тобындағы тілдердегі дамуы мен қалыптасуы, жеке тілдерге қатысты өзгешеліктері қарастырылған. Түркі тілдеріндегі жабайы аңға қатысты атаулардың ерекшеліктерін, айырмашылықтарын, ортақтықтарын көрсету барысында көне жазба ескерткіштері материалдарымен байланыста талдау жасалған, түркі тілдерінің тарихи грамматикасына қатысты мәліметтер келтірілген.

*Кілт сөздер:* түркі тілдері, салыстырмалы лексика, түркі тілдеріндегі жабайы аң атаулары, көне түркі тілі, қазіргі түркі тілдері, салыстырмалы-тарихи зерттеулер.

Түркі тілдерінің салыстырмалы лексикасына қатысты талдау жүргізу арқылы көне түркі тілінен бастап қазіргі түркі тілдерінің дамуын, сөздік қордағы сөздің қалыптасуын немесе өзгеріске түсуін қадағалауға болады.

Түркілердің көне жәдігерлер тілінен келе жатқан сөздерінің ортақтығымен қоса, жеке тілдің қалыптасуына байланысты өзгешеліктері де жоқ емес. Солардың бірі — түркі тілдеріндегі жабайы аңдарға қатысты сөздердің сипаты.

Түркі даласын мекендейтін, сиыр тұқымдас күйіс қайыратын дала жануары, *сусиыры* «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде» Африкадан тараған, терісі қалың, тықыр түкті, сүтқоректілер тобына жататын, салмағы зор, ірі денелі хайуанды *сусиыр* екендігін айтады [1]. Қарақалпақ тілінде *сусыйыр*; ноғай тілінде *сусыйыр*, *кэвмиш*; түрік тілінде *сусығыры*; түркімен тілінде *гэвмиш* деп қолданылады. Басқа түркі тілдерінің көбінде (башқұрт, қазақ, қырғыз, татар, тува) орыс тіліндегі *буйвол* сөзі алмастырады. Түрік тілінде *сусиырын* басқаша *манда* деп те атайды [2; 122]. Әзербайжан тілінде *сусиырдың еркегіне* байланысты қолданатын *кэл* сөзі кездеседі. *Сусиырдың жас төлінің еркегін кэлчэ* деп атайды. Әзербайжан тілінің әр диалектісінде *кэлчэ* сөзінің жас мөлшеріне байланысты мағынасы әр түрлі болып келеді. Кейбір жерлерде жаңа туған төлінен бастап алты айға дейінгі баласын, кейбір жерлерде бір жасқа дейінгі төлін немесе бір жастан үш жасқа дейінгі төлін осылай атайды. *Сусиырдың ұрғашысына* байланысты әзербайжан тілінде *жамыш* сөзін қолданады. *Жамыш* сөзі түрік тілінде *жамус* деп кездеседі. Бірақ мұндағы *жамус* сөзі жалпы буйволдардың атауы болып табылады. Ал *ұрғашысын домбай* сөзі алмастырады. Әзербайжан тілінде *жамыш* сөзі *дүйә* сөзімен тіркесіп келген жағдайда әлі шағылысқа түспеген *жас ұрғашы сусиырды* білдіреді. Ұрпақ таратуға қабілетсіз, *бедеу ұрғашы сусиырды* әзербайжан тілінде *әрәмк* деп атайды. *Сусиырдың* жынысы мен жас мөлшеріне байланысты жіктелуі әзербайжан тілі мен түрік тілінде көрініс табады. Мысалға әзербайжан тілінде туылғаннан бастап алты айға дейінгі төлдің жалпы атауын *балаг*, *балах* деп атайды. Түрік тілінде *малақ* (жас сусиыр); *көдәк*, *хәтәк* (алты айдан бір

жасқа дейінгі төлі); *пота, авара* (бір жастан екі жасқа дейінгі төлі); *дүгә* (жас ұрғашы сусиыр); *ішәй* (екі жастан төрт жасқа дейінгі еркек сусиыр); *шахі, кәл вуран, быға кәл* (үш жасар еркек сусиыр); *кәлә дуран* (үш жасар ұрғашы сусиыр); *түмі* (төрт жасар еркек сусиыр) деп атайды [2; 123]. Бұдан сусиырдың барлық түркі тілдерінде жасына, жынысына байланысты атаулардың толық көрініс таппайтынын аңғаруға болады. Махмұт Қашқаридің еңбегінде жабайы сиыр мағынасында *қотуз* сөзі кездеседі [3; 422].

Түркі жерін мекендеген жабайы дала жануарларының бірі — *доңыз*. Доңыз — терісі қалың, тұр-сипаты тұрпайы жабайы хайуан, шошқа. *Доңыз* сөзі көне түркі тілінде *тоңуз* болып кездеседі [3; 358]. Әзербайжан тілінде *доңуз*; гагауз, түрік тілдерінде *домуз*; қазақ тілінде *доңыз*; қарақалпақ, түркімен тілдерінде *доңуз*; татар тілінде *дуңыз*; өзбек тілінде *тунғыз*; ұйғыр тілінде *тоңғуз, тоңуз, доңуз* деп атайды. *Доңыз* сөзі өзбек тілінде үйде өсірілетін доңызбен қоса жабайы доңызды да осылай атаған (*жабан дуңғузы, кик тоңуз, қазіргі өзбек тілінде евойи чучқа*).

А.М.Щербак өзінің еңбегінде Әлішер Навоидің «Мухакамат ал-лугатайн» деген еңбегіне сілтеме жасай отырып: «Одним из важнейших животных, на которых охотятся в Средней Азии, является тонкуз, и что самца этого животного называют кабан, самку — мегежин (өзбек тілінде *мегәжин*, қазақ және қырғыз тілдерінде *мегежин*, монғол тілінде *тегсін*), а детеныша — *чорпә*», — деп жазады [2; 125]. Қырғыз тілінде де *доңуз* сөзі жабайы шошқа мағынасында жұмсалады. Көне жыл санау бойынша доңыз жылы он екінші жыл болып саналады.

*Доңыз* сөзінің этимологиясын анықтауда әр түрлі пікірлер бар. Г.Вамбери *тоңуз* сөзінің негізін *тоң* сөзі деп, оны қырғыз тіліндегі «үлкен», «мықты» мағынасындағы *чоң* сөзімен байланыстырады. Ал Г.Рамстедт *тоңуз* сөзін *топ* (шошқа) сөзімен байланыстырады [2; 125]. Біздің ойымызша, көне түркі тіліндегі *тоңуз* сөзі *қатып қалған, қыңыр* мағынасындағы сөзден туындауы мүмкін деп ойлаймыз (*тоңмойын* — ырыққа көнбейтін бірбет, қыңыр мінез).

Түркі тілдерінің көбінде үй шошқасынан бөлек жабайы, дала шошқасын *қабан* деп атаған. Тува тілінде ғана *қабан* сөзі *үй шошқасы* мағынасында қолданылады. Мысалға, *чер хаваны* (жабайы шошқа), *ым хаваны* (үй шошқасы) деп айтылады. Ал басқа түркі тілдерінде жабайы шошқаны *қабан* деп атайды. Әзербайжан, түркімен тілдерінде *габан*; башқұрт, қарақалпақ, татар, қазақ тілдерінде *қабан*; қырғыз тілінде *қаман*; өзбек тілінде *қабан*; ұйғыр тілінде *қаван* деп атайды [2; 125]. Тірі тілдердің, диалектілердің, жазбалардағы сөздердің мәліметтеріне сүйенсек, *қабан* сөзінің көне мағынасы *жабайы шошқа* дегенді білдіреді. Осы мағынадағы *қабан* сөзі түркі тілінен орыс тіліне көшкен. Сөйтіп, көне славян тіліндегі *кабан* мағынасындағы *вепрь* сөзін ығыстырып шығарған.

Осы сөздермен синонимдес *чочқа* сөзі түркі тілінде қолданылады. Мәселен, алтай, қырғыз тілдерінде *чочқо*; башқұрт тілінде *сусқа*; қазақ, қарақалпақ тілдерінде *шошқа*; татар тілінде *чучқа*; өзбек тілінде *чўчқа*; ұйғыр тілінде *чочқа*; хакас тілінде *сосха*; чуваш тілінде *сысна* деп атайды.

Гагауз тілінде *скрофа*; < румын тілінде *scroafa*; < якут тілінде *сабинне*; < орыс тілінде *свинья*. Көне жазбаларда шошқа мағынасындағы *лағзын* сөзі кездеседі. Бұл сөзді В.Томсен манчжур тіліндегі *улягн* сөзімен жақындастырады [2; 125].

Шошқаның төлін қазақ тілінде *торай*; қырғыз тілінде *торопой*; якут тілінде *тороқу, тороху* (жабайы шошқа, кабан) деп атайды. Монғол тілінде түркі тілінің әсерінен болса керек, *торой* деп қолданылады. Қырғыз тіліндегі *торопой* сөзін этимологиялық формаға жақын деп айтуға болады. Біздің ойымызша, *торопой* сөзі түйенің төліне байланысты атайтын *торум* сөзі мен сиырдың төліне қолданатын *торпақ* сөзімен байланысты деп ойлаймыз.

Түркімен тілінде шошқаның төлін *jojuk* деп атайды. *Jojuk* сөзі *чочқа* сөзінен туындап, морфологиялық өзгеріске түсуі мүмкін. Әзербайжан тіліндегі *чочқа* сөзі *доңуз* сөзімен қарама-қайшы келеді. Дегенмен, шошқаның төлін білдіретін *чочуқ* сөзімен мағыналас болып келеді. Түркі тілдерінің ішіндегі түрік тіліндегі ерекшелікті аңғаруға болады. Түрік тілінде *чожуқ* сөзі *бала* мағынасында жұмсалады [2; 126].

Гагауз тілінде төлге де, балаға да қатысты *женік* сөзі қолданылады. *Женік* сөзін біз көне және қазіргі көптеген түркі тілдеріндегі бөрінің, иттің, көп жағдайда арыстанның төлін білдіретін *енік, енүк* сөздерімен байланыстырамыз (*арслан енүкледі*). Біздің ойымызша, қазақ тіліндегі *күшік* сөзі көне түркі тіліндегі *енүк* сөзімен байланысты болуы мүмкін. Гагауз тілінде малдың төлі мағынасындағы басқа түркі тілдерінің ешқайсысында кездеспейтін *потмар* сөзі кездеседі. Дегенмен *потмар* сөзін басқа тілден енген, кірме сөз деп қарастыруға болмайды. Морфологиялық жағынан өзгерген чуваш тіліндегі *чумар* (жаңбыр) < *чу* — құлау, *жүру* + *мар*, көне түркі тілінде *жағмур; пусмар* (зорлық) < *пус* — басу, қысым көрсету + *мар*; көне түркі тіліндегі алмыр (саран) < ал — алу + мыр,

чоқмар (шоқпар) < чоқ — тоқ — соғу + мар; түрік тіліндегі *чоқмар* (*шоқпар*, екінші мағынасы, — мұқыл қой), *чомар* (бақташы ит, екінші мағынасы — құлағы мен құйрығы қысқа, бойы аласа қойдың түрі). *Потмар* сөзі «пот» сөзі арқылы жасалған туынды сөз болуы мүмкін. Мысалға, әзербайжан тіліндегі «сыч» арқылы жасалған *сычовул* (егеуқұйрық) және «мыш» арқылы жасалған *мышовул* (тиін) сөздерін атауға болады. Түйенің төлін білдіретін *ботуқ* (*потуқ*) сөзінің де түбірі бір болуы мүмкін. *Потмар* сөзіне жақын, морфологиялық жағынан өзгеріске ұшыраған татар тіліндегі егеуқұйрық мағынасындағы *көсмәр* сөзін жатқызуға болады. Шошқаның төлін білдіретін түрік тілінде *буртлақ* (бурт + лақ) сөзі кездеседі. Якут тіліндегі осы мағынадағы *боросуонақ* сөзі орыс тіліндегі *поросенок* сөзімен байланысы бар деп ойлаймыз. Махмұт Қашқаридің сөздігінде аюдың төлін білдіретін *тердек* (*мердек*) сөзі кездеседі (*адзыг мердегі*). Ғалымның жазуы бойынша, кейбір түркі халықтары *доңыздың төлін* де «тоңуз мердегі» деп атаған [2; 126,127].

Түркі даласын мекендеген, түркі халықтарына ортақ жыртқыш аңдардың бірі — аю. Аю сөзі көне түркі тілін зерттеген ғұлама ғалым Махмұт Қашқаридің сөздігінде *ажыг* (*айыг*) деп кездеседі [2; 113]. Осы сөздікте *аюды* қыпшақша *ава* деп атағанын байқаймыз [3; 116]. «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде» *аюды* ірі денелі икемсіз *жыртқыш аң* деп түсіндіреді. Аю сөзі түркі тілдерінде бір мағынада жұмсалады. Әзербайжан, түрік тілдерінде *аюі*; түркімен тілінде *аюі*, ауызекі сөйлеу тілінде *gödek adam*; қырғыз тілінде *аюу*, ауызекі сөйлеу тілінде *копол адам*; қазақ, қарақалпақ, алтай, балқар, татар тілдерінде *аю*; башқұрт тілінде *айыу*; құмық, ноғай тілдерінде *айыв*; тува тілінде *адыг*; өзбек тілінде *айиқ*; ұйғыр тілінде *эйіқ*; хакас диалектісінде *азыг*, *адыг* деп қолданылады [2; 130]. Түркі халықтарының ішіндегі сібір түркі халықтарында, әсіресе якут халқында аюға байланысты тыйымдар (табу) кездеседі. Содан болар якут тілінде аюдың жеке нақты атауы кездеспейді. Аюды ата мағынасындағы «эһэ» сөзі алмастырады. Алтай, хакас, тува тілдерінде де *аю* сөзін алмастыратын көптеген эвфемизмдер кездеседі. Хакас тілінде *әке* мағынасындағы «аба» сөзі, алтай тілінде *шал* мағынасындағы «апшыйақ» пен *аға* мағынасындағы «абаға» сөзі тува тілінде ана мағынасындағы «ава» сөзі алмастырады.

Якут диалектісіндегі *аюды* білдіретін басқа сөздер біршама суреттелген. Мысалға, *тыатаагы ојурдагы* (орманда жүретін); *қырдагас* (қария); *оғоннор* (шал); *эһэкэн* (ата); *қыыл* (хайуан); *тыя қырдагаһа* (орман шалы); *тојон эһэ* (қожайын ата); *ардай аһыылах* (өте өткір азу тісті); *адыырға* (қылшықты, азулы); *сырған* (аш); *моғус* (қомағай); *отуулах* (күресі бар) сөздерін кездестіруге болады [2;131].

А.М.Щербактың «Название домашних и диких животных» еңбегінде якут және тува тілдеріндегі *аю* мағынасындағы бірнеше сөздерді орыс тілінің әсерінен пайда болған деп жазады. «Ряд названий медведя в якутском языке — искаженные русские слова, ср. *біліміэм* (< медведь), *таптыықын* (<топтыгин), *маатыс* (< матушка, тыһы эһэ), *мөлбүөм* (- мөлбөр < медведь), *мііскэ* (< мишка). В тувинском языке дополнительными наименованиями медведя являются: *хајарақан* (соответствует рус. благочинный или господин), *мажаалай* (< русск. Михаил), *ірэй* (< ір муж, мужичок), *қара чүвэ* (букв. черная вещь, черный предмет), *чоорғанныг* (букв. имеющий одеяло) [2; 131].

Тува жерінің кейбір аудандарында аюдың жас ерекшелігіне байланысты сөздерді байқауға болады. Бір жасар аюдың баласын *бічіі оғлу*, екі жасар аюды *хунан оғлу*, немесе *қунан айуу*, үш жасар аюды *төнөн оғлу* деп атайды. Махмұт Қашқаридың сөздігіне сүйенетін болсақ, көне түркі тілінде аюдың баласын *тердек* (*адзыг мердегі*) деп атаған [3;540].

Түркі тілдерінің көбінде аюдың аналығына, ұрғашысына арналған жекелеген сөздерді кездестіре алмаймыз. Тек *ұрғашы* (*діші*, *ене*, *ана*) мағынасындағы сөздер тіркесіп келген жағдайда аюдың ұрғашысын білдіреді. Қазақ тілінде аюдың ұрғашысы мағынасында *кірекей* сөзін кездестіруге болады. Бұл сөз басқа түркі тілдерінде кездеспеген соң, оның этимологиясын анықтау мүмкін емес.

Түркі жерін мекендейтін жыртқыш аңдардың бірі — *қасқыр*. Бұл сөз түркі тілдерінде *бөрі*, *құрт*, *қасқыр* деп кездеседі. Көне түркі тілінде сырттан мағынасында «аг» сөзі кездеседі (*Ar bөri* — көкжал бөрі) [3,109]. *Бөрі* сөзі алтай, балқар, қырғыз, қарақалпақ, құмық, тува тілдерінде *бөрү*; башқұрт, татар тілдерінде *бүре*; қазақ, түркімен, ұйғыр тілдерінде *бөрі*; өзбек тілінде *бүри*; хакас тілінде *пүүр*; якут тілінде *бөрө* деп кездеседі [2;131]. Татар тілінде *чүл бүресе* шиебөріні, *ар бөрі* қорқау қасқыр мағынасын білдіреді. Мұндағы «чүл» сөзі дала, ал «ар» сөзі *сарғыш* деген мағынаны білдіреді. Жоғарыда атап өткендей, көне түркі тілінде *көкжал бөріні* білдіретін *ар бөрі* сөзі татар тілінде мағыналық жағынан өзгергенін көруге болады. Кейбір түркі тілдерінде *қасқыр* сөзі кездеседі. Қазақ пен қарақалпақ тілдерінде *қасқыр*; қырғыз тілінде *қарышқыр*; өзбек тілінде *қашқыр*; чуваш тілінде *кашкӑр* деп атайды [2; 132].

Махмұт Қашқаридің еңбегінде көне түріктер қолданған «құрт» сөзін кездестіруге болады [3;400]. *Құрт* сөзі қазіргі түркі тілдерінің ішіндегі әзербайжан тілінде *ғурд*; түрік тілінде *құрт*; түркімен тілінде *ғурт* деп қолданылады. Түрік тілінде *құрт* сөзі «желелі» сөзімен тіркесіп келген жағдайда қорқау қасқыр мағынасында жұмсалады. Бұндағы «желелі» сөзі жалды мағынасын білдіреді. *Құрт* сөзі түркімен тіліндегі жәндікті білдіретін «*möjekler*»; әзербайжан, ғағауз тілдеріндегі жануар мағынасындағы «*hauvan*» (жанавар); ғағауз тіліндегі хайуан мағынасындағы «жабаны» сөздерімен қатар жұмсала береді [2; 132].

Түркі тілдерінде *қасқыр* сөзіне байланысты тыйымдар кездеседі. Тыйымға байланысты қасқырды атайтын басқаша атауларды көруге болады. Мәселен, әзербайжан тілінде *азығара* (аузы қара); тува тілінде *көк қарақ* (көк көз, қарас), *қызық қарақ* (қызыл көз, қарас), *ашақ* (шал); якут тілінде кутуруктах (құйрығы бар), *аһыылаах* (тамағы бар), *тынырахтаах* (тырнағы бар), *халаан уола* (аспан ұлы), *сэм* (тамақ қалдығы), *қыыл* (хайуан), кутурук (құйрық), *таңара уола* (тәңір ұлы); чуваш тілінде *тукмак* (тоқпақ), *тукмак хүре* құйрығы тоқпақ сияқты), *вурум хүре* (ұзын құйрық), *пигамбар жымы* (пайғамбардың иті) деген сияқты сөздер алмастырылып қолданылады. Қазақ тілінде де тыйымға байланысты осындай сөздерді атап өтуге болады. Мысалы, қазақ *қасқырды* «ит», «ұлыма» сияқты сөздермен атаған.

Кейбір түркі тілдерінде *қасқыр*, *бөрі* сөздері «кәнтәй», «қаншық», «қыс», «өлешін» сөздерімен тіркесіп келген жағдайда ұрғашысын білдіреді. Мысалға, башқұрт тілінде *кәнтәй буре*; қазақ тілінде *қаншық қасқыр*; қарақалпақ тілінде *қасқыр қаншығы*; тува тілінде *қыс бөрү*, *өлешін бөрү* деп атайды. Мұндағы «кәнтәй», «қаншық», «қыс», «өлешін» сөздері ұрғашы мағынасын білдіреді [2;133].

Бұдан бөлек қасқырдың баласын білдіретін қазақ, қырғыз, тува тілдерінде жеке сөздерді кездестіруге болады. Қазақ тілінде *бөлтірік*; қырғыз тілінде *бөлтүрүк*; тува тілінде *бөрзек* деп атайды. Бұл сөздердің барлығы *бөрі* сөзіндегі соңғы дыбыстың түсіп қалуынан пайда болған. Көне және қазіргі түркі тілдерінің көбінде қасқырдың баласына «енук» сөзі қолданылады.

Махмұт Қашқаридің сөздігінде жыртқыш аңдардың бірі *arslan* сөзі кездеседі [3;184]. Әзербайжан, балқар, ғағауз, түрік тілдерінде *аслан*; алтай, қарақалпақ, құмық, ноғай, татар, түркімен, ұйғыр тілдерінде *арслан*; башқұрт тілінде *арыслан*; қазақ, қырғыз тілдерінде *арыстан*; чуваш диалектісінде *услан* деп атайды [2;137]. Арыстанның жынысына, түріне байланысты атаулар түркі тілінде көп кездеспейді. Тек қарайым тілінде славян тіл тобындағы ұрғашыны білдіретін *-ка* қосымшасы арқылы (*арысланка*) арыстанның ұрғашысын білдіреді. Басқа түркі тілдерінде арыстанның ұрғашысына жеке атаулар кездесе қоймайды. *Арыстан* сөзінен бөлек осы мағынаны білдіретін әзербайжан, түрік, түркімен, ұйғыр тілдерінде *шир*; қарақалпақ, қырғыз, өзбек тілдерінде *шер* сөзі кездеседі. Махмұт Қашқаридің сөздігіне сүйенетін болсақ, көне түркі тілінде арыстанның күшігін *енук* деп атаған. *Енук* сөзі арыстанның күшігінен басқа сырттан, бөрі мен иттің күшігіне де бірдей қолданылған.

Осындай жыртқыш аңдардың бірі — *жолбарыс*. Башқұрт, татар тілдерінде *юлбарыс*; қазақ, қарақалпақ тілдерінде *жолбарыс*; қырғыз тілінде *жолборс*; өзбек тілінде *йұлбарс*; ұйғыр тілінде *йолвас* деп келеді. *Жолбарыс* сөзі барлық түркі тілінде жол және барыс мағынасындағы сөздер арқылы жасалған. Мұндағы жол сөзі барлық түркі тілінде жолақ мағынасын білдіреді. Осы мағынадағы сөз хакас тілінде *алабарыс* деп кездеседі. Қар барысына байланысты қазақ тілінде *іліс*; қырғыз тілінде *илбирс* сөздері кездеседі [2;138]. Жалпы бұл сөздердің *жолбарыс*, не болмаса *алабарыс* сөздерімен байланысы жоқ, жеке сөздер деп ойлаймыз. Махмұт Қашқаридің еңбегінде көне түрік тілінде жолбарыс тектес бір аңды «тоңа» деп атаған [4].

Түркі тілінде жыртқыш аңдардың тағы бір атауы *қабылан* сөзі кездеседі. Башқұрт, ноғай, татар, түрік, ұйғыр тілдерінде *каплан*; қырғыз, қазақ тілдерінде *қабылан*; түркімен тілінде *гаплан*; өзбек тілінде *қоллон* деп атайды. Түрік тілінде *қабылан* сөзінен бөлек осы мағынада *çita*, *leopar* сөздері кездеседі. Көне түркі тілінде жолбарыс мағынасында *есрі* және *тоңа* сөздерін кездестіруге болады [2;138].

Түркі тілдерінде осындай жыртқыш аңдардың бірі — *барыс*, кейбір түркі тілдерінде *пәләң*, *бәбір* деп келеді. Қазақ тілінде *барыс*; қарайым, қарақалпақ, қырғыз, татар, түркімен тілдерінде *барс*; түрік тілінде *парс*; ұйғыр тілінде *ба(р)с* деп қолданылады. Алтай тіліндегі *бар*, ал тува тіліндегі *пар* сөзі монғол тіліндегі *бар* < *барс* сөзінің ықпалынан туындауы мүмкін.

Қырғыз диалектісінде *пәләң*, *палаң*; түркімен тілінде *пелең*; ұйғыр тілінде *пәләң* сөздерін кездестіруге болады. Әзербайжан тілінде қабылан мағынасында *халлы пәләнк* сөзі де қолданылады. Ал *пәләнк* сөзі жеке келіп *жолбарыс*, *арыстан* мағынасында жұмсалады [2;139].

Қабылан мағынасында қазақ тілінде *бабыр*; әзербайжан тілінде *бәбір*; түрік тілінде *бобр*; якут тілінде *баабыр* сөздері кездеседі. Тува тілінде *диис*, *моортай* сөздері осы мағынада жұмсалады.

Түркі даласын мекендеген жабайы аңдардың бірі — *түлкі*. *Түлкі* сөзі Махмұт Қашқаридің сөздігінде *milku* деп берілген [3; 485]. Сөздікте қыз балаларды тұспалдап осы сөзбен атаған деп жазылған. Әзербайжан, алтай, қырғыз, ноғай, құмық тілдерінде *түлкі*; башқұрт тілінде *төлкө*; гагауз, түрік, түркімен тілдерінде *тілкі*; қазақ, қарайым, өзбек, ұйғыр тілдерінде *түлкі*; татар тілінде *төлке*; тува тілінде *ділгі*; хакас тілінде *түлгеу*; чуваш тілінде *тилё* деп атайды. Түркі тілдерінің ішіндегі якут тілінде *түлкі* сөзіне қатысты ерекшелікті байқауға болады. Якут тілінде *түлкіні саһыл* деп атайды [2; 135]. Түркі тілдерінің көбінде *түлкінің* баласына байланысты жеке атаулар кездесе қоймайды. Қырғыз тілінде *түлкінің* баласына байланысты *бачики*, *пачки* сөздері қолданылады.

Түлкі тектес жануарларға жататын, дала жануарларының бірі — *қарсақ*. *Қарсақ* сөзін көне түркі тілінің сөздігін жазған Махмұт Қашқаридің еңбегінен (қарсақ) кездестіруге болады [3; 533]. Онда қарсақты түлкі тұқымдас бір айуан деп түсіндіреді. Қазіргі түркі тілдерінде *қарсақ* сөзін кездестіре алмаймыз. Тек чуваш тілінде *қарсақ* сөзі кездескенімен, мағыналық жағынан өзгеше болып келеді. Кейбір түркі тілдерінде түлкі тұқымдасына жататын *қырса* сөзі кездеседі. *Қырса* сөзінің алғашқы мағынасы кең болуы мүмкін. Сондықтан болар, *қырса* сөзі түлкіден бөлек *бұлғын* мен *күзен* мағынасында да жұмсалады. Мысалға, қырғыз тіліндегі *қырса* сөзі түлкіні; тува тіліндегі *қырза* күзенді, ал *чыдыг кырза* болып келген жағдайда бұлғынды; якут тіліндегі *қырса* сөзі түлкінің бір түрін білдіреді.

Түркі тілдерінде ортақ жануардың бірі, даланы мекендейтін, сүтқоректілер тұқымдасына жататын *қоянға* келетін болсақ, түркі тілдерінде осы сөзге қатысты айырмашылықтар мен ұқсастықтарды байқауға болады. Алтай, қырғыз тілдерінде *коён*; башқұрт, чуваш, татар тілдерінде *куян*; қазақ, қарақалпақ, ноғай, құмық, түркімен, ұйғыр тілдерінде *қоян*; тува тілінде *кодан*; өзбек тілінде *куён*; хакас тілінде *хозан* деп кездеседі [2; 136]. Түркі тілдерінің көбінде *қоян* сөзіне *ақ*, *сұр*, *ор* сөздері тіркесіп келген жағдайда қоянның түрлерін білдіреді.

Махмұт Қашқаридің сөздігінде қоян мағынасында *тауышқан* сөзі кездеседі [2; 403]. Қазіргі түркі тілдерінің ішінен әзербайжан тілінде *довшан*; гагауз, құмық, түрік тілдерінде *тавишан*; түркімен тілінде *товшан*; якут тілінде *куобах* деп кездеседі. Көне түркі тілінде *табыш* сөзі секіру мағынасын білдіреді. *Тавышқан* сөзінің шығуы осы етістікпен байланысты болуы керек. А.М.Щербактың еңбегінде тува тілінде шымдаған сөзі *тавышқан* мен *қоян* сөзінің мағынасында қолданылатыны туралы кездеседі. Қазіргі тува тілінде қоян мағынасында *тоолай* сөзі кездеседі [2; 136]. Бұл сөз көне түркі тілінде кездеспегендіктен, монғол тіліндегі *туулай* сөзінен келген болуы керек деп ойлаймыз. Осы сияқты орыс тіліндегі заяц сөзінің әсерінен чуваш тіліндегі қоян мағынасындағы *сайкка* сөзін айтуға болады.

Қоянның баласын *көжесек* деп атайды. *Көжесек* сөзі қазақ тілінен бөлек қарақалпақ тілінде *гөжесек*; қырғыз тілінде *бөжөк*; түрік тілінде *гөчкен*, *гөжен* деп кездеседі. Осы аталған сөздер тобына түрік тіліндегі *сусар* мағынасындағы *гүчлін*, қырым — татар тіліндегі *сасықкүзен* мағынасындағы *гүчән* сөзін жатқызуға болады [2; 137].

Түркі жерін мекендейтін, қуыс мүйізділер тұқымдасына жататын жұп тұяқты сүтқоректі жануардың бірі — *жайран*. Алтай тілінде *жеерен*; әзербайжан тілінде *сеуран*; қазақ тілінде *жайран*; қырғыз тілінде *жейрен*; түрік тілінде *жейлан*; тува тілінде *чеерен*; түркімен тілінде *жерен*; ұйғыр тілінде *жәйрен* (жәйрен); өзбек тілінде *жайрон* деп атайды [2; 133]. Қазақ, қырғыз, өзбек, ұйғыр тілдерінде *бөкен* мағынасын да білдіреді. Мәселен, қазақ тілінде *сайғақ*, *бөкен*, *ақбөкен*; қырғыз тілінде *бөкөн*; өзбек тілінде *оққұйруқ*, *қорақұйруқ* сөздерін кездестіруге болады. Тува тілінде *жайран* сөзі *сайғақтың ұрғашысын* білдіреді. Көне түркі тілінде *ақбөкен* мағынасында *сиқақ* (сұқақ) сөзін қолданған [2; 133]. *Сұқақ* сөзін қазіргі түркі тілдерінің ешқайсысынан кездестіре алмаймыз.

Осы тектес жануарлардың бірі әзербайжан, түрік тілдерінде *аху*; өзбек тілінде *оху* сөздерін кездестіреміз. *Аху* сөзі қазақ тіліндегі *қарақұйрық* деп аталатын жануарды білдіреді. Сол сияқты этимологиясы түркі тіліне белгісіз *ғазал* сөзін атап өтуге болады. Мысалы, әзербайжан тілінде *гәзал*; түркімен тілінде *ғазал*; өзбек тілінде *ғызол* деп кездеседі [2; 133]. Біздің ойымызша, *ғазал* сөзі араб тілінен кірген кірме сөз болуы мүмкін.

Түркі тілдерінде *бұғы* тұқымдас жануарлардың атауы көптеп кездеседі. Олардың жынысы мен жасына байланысты атаулар барлық түркі тілдерінде кездеспейді. Кездескен жағдайдың өзінде барлығында бірдей емес. Әзербайжан тілінде *сығын* (siğın); түркімен тілінде *sugin*; хакас, тува тілдерінде *сыын* сөздерін кездестіруге болады. *Сығын* сөзі қазақ тіліндегі *марал*, *бұлан* сөздерімен синонимдес. Көне түркі тілінде қолданған *булан* сөзін кездестіруге болады. Махмұт Қашқаридің сөздігінде: «Қыпшақ елдерінде өсетін ірі жабайы хайуан. Оны аулайды. Оның түбі ойық күбі секілді,

іші бос қуыс, ауызы жоғарыға, аспанға қарап шыққан мүйізі бар. Оған қар, жаңбыр сулары жиналады. Ұрғашысы шөгіп, оның мүйізіне — еркегі, еркегі шөгіп, оның мүйізінен ұрғашысы су ішеді», — деген анықтама берілген [3;473]. Осы мағынада жұмсалатын тува тілінде *иви* сөзін атауға болады. Тува тілінде кездесетін бұғы тектес жануарлар: *дуб, улуг, буур, эдер, булан, мынды, амытан* сөздері бар. Қазақ тілінде *кермарал, марал, бұлан, кербұғы* сөздерін атап өтуге болады. Осы сөздер басқа түркі тілдеріне қарағанда, түрік тілінде маралды ерекшелік байқалады. Мәселен, түрік тілінде бұғыны *geyik*, маралды *sibiryu geyik*, ал бұланды *kanada geyigi* деп атайды.

Осы тектес жануарлардың бірі — *бұғы*. Балқар тілінде *бу*; қазақ тілінде *бұғы*; қырғыз, өзбек тілінде *буғу*; ұйғыр тілінде *буға* деп кездеседі [2;134]. Біздің ойымызша, ертеде «бұқа» сөзі бұғының орнына жұмсалып, сол малдың аталығын білдіруі мүмкін. Кейіннен уақыт өте келе *бұғы* сөзі қолданысқа еніп, *бұқа* сөзін ығыстырып шығарған болу керек.

Бұғының басқаша атаулары гагауз тілінде *қаражса*; татар диалектісінде *жуша*; түрік тілінде *жағмурча* (аса ірі емес бұғы); якут тілінде *анабы, анамы* (ірі бұғы), *хаарғын* (чукот бұғысы), *мәнәк* (жабайы бұғы), *ондоодо* (қолға үйретілген бұғы) сөздерін кездестіруге болады. *Марал* сөзі қазақ тілімен қоса әзербайжан, қарақалпақ, ұйғыр, чуваш тілдерінде кездеседі [2;134].

Осы тектес жануардың *еркегін* якут тілінде *бур, таба, қыыл* деп атайды. Тува тілінде *еркегін чары*, ал ұрғашысын *иви* деп аталады. Түрік тілінде ұрғашысына байланысты *бурчын, бурчун* сөздері пайдаланылады (*бур+чун, чын*). Мұндағы *-чын, -чун* қосымшалары монғол тілінде ұрғашыға қатысты қолданылады. Маралдың ұрғашысына байланысты алтай тілінде *мыжсақ, муйсақ*; тува тілінде *мыжсах*; хакас тілінде *муйсах* деп кездеседі. *Муйсақ* сөзі тек еркек мағынасында қолданылатын «сығын» сөзімен қатар келген жағдайда ғана маралдың ұрғашысын білдіреді. Сол сияқты кейбір түркі тілдерінде *бұғы* сөзі еркек мағынасында, ал *марал* ұрғашы мағынасын білдіреді.

Маралдың жас ерекшелігіне байланысты толық атауды тува тілі мен диалектісінде байқауға болады. Мысалы, жалпы төлдерінің атауын *быза*, бір жасқа дейінгі төлін *дош*, бір жасар төлін *сарадақ* (көбінде ұрғашысын), екі жасар төлін *сарылық* деп атайды. Осы сияқты бұғының да бір жасқа дейінгі төлін *доңгур*, бір жастағы төлін *хоққаш*, екі жасқа дейінгі төлін *дүктүг мыжыс* деп кездеседі [2;135].

Марал мен бұғының жас ерекшелігіне байланысты атаулар қырғыз бен якут тілінде де ұшырасады. Қырғыз тілінде жас марал мен бұғыны *буғучар*; якут тілінде үш жасар бұғыны *үөңәс*, ал еркек бұғыны туған мезгілінен бастап төртінші көктеміне дейін *үктәнә, іктәнә*; бір жасқа дейінгі бұғының төлін *туғут, тубут* деп атайды.

Салыстырмалы-тарихи зерттеудің ішінде бұрыннан сөз болып келе жатқан саласы лексика. Лексиканың өзіндік ерекшелігі де бар. Ең алдымен, ол — тілдердің туыстық белгісін, сәйкестігін анық көрсететін фактілерге бай сала. Бірақ тілдің лексика саласы тез өзгеретіндігін, лексикадағы сәйкестік барлық кезде де туысқандықтың белгісі бола бермейтіндігін тіл мамандарының барлығы дерлік мойындайды. Демек, тілдің лексика саласының екі жағы бар екен: бір бөлшегі ертеден келе жатқан төл сөздер де, екіншісі — кірме сөздер. Тілдердің туыстық белгісін анықтауда тек осы төл сөздер ғана ертеден келе жатқан сөздік қорға негіз бола алады.

#### Әдебиеттер тізімі

- 1 Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. — Алматы: Дайк-Пресс, 2008. — 744-б.
- 2 Исследования по сравнительной грамматике тюркских языков. — Ч. 3. Лексика. — М.: Изд. АН СССР, 1955. — 298 с.
- 3 Қашқари М. Түрік сөздігі. — I-т. — Алматы: Хант, 1997. — 375 б.
- 4 Қашқари М. Түрік сөздігі. — III-т. — Алматы: Хант, 1998. — 493-б.

М.А.Турсунова, Ж.Е.Тілеубек

### **Сравнительно-историческая характеристика названий диких животных в тюркских языках**

В статье проанализированы названия диких животных в современных тюркских языках в сравнительно-историческом аспекте. Авторами выявлены общие характерные особенности, которые подтверждаются анализируемым языковым материалом. При описании особенностей названий диких животных на основе исследований по кыпчакской, огузской, карлукской, болгарской и уйгуро-огузской группам языков рассмотрены история их становления и развития, а также некоторые особенности в отдельных языках. С целью выявления общих черт, различий и особенностей названий диких животных в тюркских языках исследованы материалы памятников древнетюркской письменности, а также приведены сведения по исторической грамматике тюркских языков.

M.A.Tursunova, Zh.E.Tileubek

### **The comparative-historical characteristic of names of wild animals in Turkic languages**

In article names of wild animal modern Turkic languages in comparative-historical aspect are analyzed. Authors the general characteristics for names of wild animals in Turkic languages which are confirmed by the analyzed language material come to light. At the description of features, the name of wild animals on the basis of researches on kypchaksky, oguzsky, karluksky, Bulgar and uyguro-oguzsky group of languages the history of their development, and also some features in separate languages are considered. For the purpose of identification of common features, distinctions and features of names of wild animals in Turkic languages materials of monuments of drevnetyurksky writing are analyzed, and also data on historical grammar of Turkic languages are provided.

#### References

- 1 *Explanatory dictionary of the Kazakh language*, Almaty: Dayk-Press, 2008, 744 p.
- 2 *Researches on comparative grammar of Turkic languages*, II. Lexika, Moscow: AN SSSR publ., 1956, 334 p.
- 3 Kashkari M. *Tyurksky dictionary*, I, Almaty: Khanty, 1997, 375 p.
- 4 Kashkari M. *Tyurksky dictionary*. III, Almaty: Khanty, 1998, 493 p.